

–самостоятельно критически мыслить, видеть возникающие проблемы и искать пути рационального их решения, используя современные технологии; чётко осознавать, где и каким образом приобретаемые ими знания могут быть применены; быть способными генерировать новые идеи, творчески мыслить;

–грамотно работать с информацией (собирать необходимые для решения определённой проблемы факты, анализировать их, делать необходимые обобщения и аргументированные выводы, применять полученный опыт для выявления и решения новых проблем);

–быть коммуникабельными, контактными в различных социальных группах, уметь работать сообща в различных областях, в различных ситуациях, предотвращая или умело выходя из любых конфликтных ситуаций;

–самостоятельно работать над развитием интеллекта, культурного уровня.

Новые жизненные условия, в которые поставлены все мы, выдвигают свои требования к формированию молодых людей, вступающих в жизнь: они должны быть не только знающими и умелыми, но мыслящими, инициативными, самостоятельными.

#### **Список литературы:**

1. Андюхов, Б. Кейс – технология – инструмент формирования компетентностей /Б. Андюхова //Директор школы.- 2010.-№4.-С.61-65
2. Головашкина, Л. Сдвоенный урок как обмен житейским опытом / Л. Головашкина// Педагогическая техника.- 2010.- №1.-С.29-30
3. Золотухина, А. Групповая работа как одна из форм деятельности учащихся на уроке /А. Золотухина // Математика. Газета Изд. дома «Первое сентября».- 2010.-№4.-С.3-5
4. Громыко, Г. Обучение в парах – и просто, и сложно /Г. Громыко // Директор школы.- 2010.-№3.-С.67-70
5. Брендина, Н. В. Интерактивные средства развивающие мышление /Н.В. Брендина // Физика. Газета Изд. дома «Первое сентября».- 2010.-№19.-С.11-13
6. Белый, В.И. О современных тенденциях в распространении методов проектного обучения /В.И. Белый // Школьные технологии.- 2010.-№2.-С.105-153
7. Рачевский, Е.Л. Информационные технологии в образовании: Школа будущего /Е.Л. Рачевский // Директор школы.- 2010.-№1.-С.55-58
8. Ибрагимов, Г. Новые возможности урока: модульное обучение /Г. Ибрагимов // Народное образование.- 2008.-№7.-С.211-216

#### **ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ – ЗАМАН ТАЛАБЫ**

Әлім Рысқұл Әлібекқызы,  
Рахымжан Гүлмира Рахымжанқызы,  
Успанова Жұлдыз Айтжановна  
«Дарынды балаларға арналған  
«БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ лицей-интернаты»  
КММ-нің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің  
мұғалімдері, Қостанай қ.

#### **Аннотация**

*Мақалада жаңартылған білім беру мазмұнының маңыздылығы, жаңа әдіс-тәсілдерді пайдалану, оқушының төрт тілдік дағдысын: тыңдалым, айтылым, жазылым, оқылымды жетілдіру, критериалды бағалау жүйесін енгізу туралы қарастырылған.*

#### **Аннотация**

*В статье рассматривается: важность содержания обновлённой программы образования, использование новых методов, совершенствование четырех навыков: слушание, чтение, говорение и письмо, внедрение критериальной системы оценивания.*

### **Abstract**

*The article considers: the importance of the content of the renewed education program, the use of new methods, improving of four skills: listening, reading, speaking and writing, introduction of a caterpillar evaluation system.*

**Түйінді сөздер:** жаңартылған білім беру мазмұны, төрт дағды, үдеріс, бағалау, әдіс-тәсілдер.

**Ключевые слова:** обновленная программа, четыре навыка, процесс, оценивание, методы.

**Keywords:** renewed program, four skills, process, evaluation, methods.

ҚР Президенті «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты Бағдарламалық мақаласында атап көрсеткендей, «табысты болудың ең іргелі басты факторы білім екенін әрқайсысымыз терең түсінуіміз керек... Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді» [1].

«Елбасы Н.Назарбаев еліміздің әлемнің дамыған 30 елінің қатарына кіру міндетін алға қойып отыр. Ел экономикасының қарқынды дамуы білім беру жүйесіне тікелей байланысты. Қоғамда азаматтың тек қана білім алуы жеткіліксіз, ең маңыздысы – сол алған білімнің күнделікті өмірде тиімді қолдана білуі. Сол себепті, қазір оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға басымдық беріліп отыр.

Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АКТ-ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді курс барысында ұғындық. Жаңартылған білім беру бағдарламасы оқушының сөйлеу әрекетінің төрт түрін: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды жетілдіруге бағытталған. Бұл сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша түйінді дағдылар оқу жоспарында «спиральді» тәсілмен берілген. Қарапайымнан күрделіге қарай, бірте-бірте білім, білік пен дағдылары кеңейтіліп қалыптасады. Оқу мақсаттары оқушылардың зерттеу дағдыларын, қарапайым бақылауға тәжірибе арқылы білімі қалыптасуына, алған білімін қайта өмірде қолдана білуіне бағытталған. [2] Оған оқу мақсаттарын зерделей отыра тапсырмаларды ықшам сабақтарды құрастыру барысында көз жеткіздік.

Бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап, критериалды бағалау жүйесіне өтеді. Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Бұл бағалау түрлері баланың жан-жақты ізденуіне ынталандырады. Бұл бағалау жүйесінің артықшылығы, баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылыммен айналысуына ықыласын туғызады. Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқыту мен оқу үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады және тоқсан бойы жүйелі түрде өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіле отырып, оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және балл не баға қоймастан оқу үдерісін түзетіп отыруға мүмкіндік береді. Жиынтық бағалау оқу бағдарламасынның бөлімдерін (ортақ тақырыптарын және белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы, орта білім деңгейі) аяқтаған оқушының үлгерімі туралы ақпарат алу мақсатында балл және баға қою арқылы өткізіледі.

Кіріктірілген білім беру бағдарламасында қазақ тілі пәнінің берілу жайы да өзгеше. Бағдарлама оқушының төрт тілдік дағдысын: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым жетілдіруге бағытталған. Бұл төрт дағды оқу жоспарында «Шиыршық әдісімен» орналастырылған және бір –бірімен тығыз байланысты. Яғни, жыл бойына бірнеше рет қайталанып отырады және сынып өскен сайын тілдік мақсат та күрделене түседі.

7-сыныптың «Қазақ тілі» оқулығында оқушылардың дүниетанымын қалыптастыратын, шығармашылық қабілетін ұштайтын оқу мәтіндері мен тапсырмалар беріледі. Оқулықтағы тапсырмалар тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым бойынша жүйеленеді [2].

Көркем әдебиеттің мазмұнын, стилін, идеяларын және жанрын бағалай білуге, анализ жасауға, креативті ойлау дағдыларын дамытуға байланысты берілген тапсырмалар 7-сыныптың «Қазақ әдебиеті» оқулығында аудио мәтіндер мен хрестоматиядағы қосымша мәтіндерді де қамти отырып берілген [3].

Әдістемелік материалдардың толық ресурсы: оқу бағдарламалары, оқулықтар, күнделікті сабақ жоспарлары, мұғалімдерге арналған әдістемелік нұсқаулықтар, бағалау жөніндегі ұсынымдардың бәрі де дайын. Пән бойынша қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағын [smk.edu.kz](http://smk.edu.kz) сайтынан пайдаланып отырдық.

Жаңа оқулықтарда берілген тапсырмалар мәтінді оқу, оның мазмұнын айтумен ғана шектелмей, мәтінге қатысты өзі сұрақтар құрастыруына, себебін анықтауына, болжам жасау мен өзіндік бағалауына, сұраққа жауап болатын ақпаратты дереккөздерден ретін білуіне, жаман мен жақсыны айыра білуіне, негізгі мәліметтерді табуына, құрастыруына және басқаруына, ақпараттармен және идеялармен бөлісуіне, бірлесіп әрекет етуіне, ауқымды контекст бойынша топтық зерттеу жұмысын жүргізуіне, белгілі бір мәселе бойынша автор көзқарасын талдауына, жанрларды түрлендіруіне, оның әсерін бағалауына, рөлдік ойындар арқылы автордан сұхбат алып, сұрақтар қоюына, сөйлеу және сыни тұрғысынан ойлау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған пікірталасқа жетелейді.

Бүгінгі күні барлық елдер жоғары сапалы білім жүйесімен жұмыс істеуде. Өйткені қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының парасаттылығымен анықталады, сондықтан білім беру жүйесі болашақтың талабына сәйкес дамуы тиіс. Оқушыларды заманауи әдіс-тәсілдермен оқытып, ой-өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр. Оның үстіне білім берудің жүйесін қарқынды дамытқан бұл үрдістің жалпы білім беретін мектептерге де енгізіле бастауы көңілді қуантады.

Мұғалімдердің пайдаланатын оқыту әдісі оқушыларды оқытудың ең жоғары стандарттарын қамтамасыз ету үшін маңызды. Осы орайда жаңа бағдарламаны оқыту барысында мына әдіс-тәсілдер сабақтың тиімді өтуіне, оқушы бойында қажетті 4 дағдыны (тыңдалым, айтылым, жазылым, оқылым) қалыптастыруға ықпал ететіні сөзсіз: «Қабырғадағы роль», «Ыстық орындық», «Пікірлер сызығы», «Саналылық аллеясы», «5 сұрақ, 5 жауап», «5 қадам», «Драма әдісі», «Маңыздылық аймағы», графикалық органайзерлер – «Дара диаграмма», «Қос диаграмма», «Оқиға тауы», «Хикая картасы», «Стоп кадр», «Даралық-ұқсастық, стратегиясы», «DEAL» ӘДІСІ, «Дербес пікір», «Төрт сөйлем» тәсілі, «Борт журналы» әдісі, «5 W» тәсілі, т.б.

Бағдарлама аясында мұғалім үшін мыналар маңызды болмақ:

Мұғалім шебер сұрақ қоюшы болуы қажет, себебі?

1. Ықтимал себептері

- Оқудағы олқылықтарды анықтау үшін;
- Оқушылардың ойларын бағыттау үшін;
- Бағалау үшін;
- Келесі сұрақтарға түрткі болу үшін;
- Тақырыпты қайта қарау үшін;
- Қызығушылықты немесе білуге құмарлықты ояту үшін;
- Күрделендіру үшін;
- Сұрақ-жауап пен сын тұрғысынан ойлауды модельдеу үшін;
- Түсінуге көмектесу үшін;
- Бағамдау үшін.

## 2. Тиімді сұрақтар қандай болады?

Ашық сұрақтар оқу үдерісін бәрінен тиімді жақсартады. Олар сөйлеу мен ойлауды жетілдіреді. Мысалы, 7-сынып, қазақ әдебиеті, М.Әуезов «Көксерек»: 1. Жазушының бұл әңгімені жазуына не себеп болды? 2. Адамдардың бөлтірікке жасаған іс - әрекеттеріне қалай қарайсыздар? 3. Көксерек Құрмашпен неге тез тіл табысты? 4. Көксеректі жауыздыққа баулыған не?

## 3. Дескрипторлар

Мысалы, 7-сынып, қазақ әдебиеті, «Күлтегін»: Тапсырма. Күлтегін батырға ақыл кеңес беретін Тондұқты батырлар жырында батырларға ақыл- кеңес беретін тұлғалармен салыстырыңыз. Ұқастығы мен айырмашылығына талдау жүргізіңіз. (Оқушылар белгілі бір батырлар жырын таңдай алады. Мысалы, «Қобыланды батыр, «Алпамыс батыр» т.с.с)

Бағалау критерийі	Дескрипторлар
Шығармадағы эпизодтар мен бейнелерге салыстыру жұмысын жүргізеді	«Күлтегін» жырындағы эпизодтар мен бейнелерді батырлар жырындағы эпизод пен бейнелер арқылы салыстырады
	Ойларына шығармадан дәлел келтіріп айтады

«Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тезірек қолға түседі. Шала мейір шала байқалады», – дейді Абай (4). Ғаламдық деңгейде өркениет атаулысы – білім мен ғылымға арқа сүйей бастағанын дүйім жұртқа алғашқылар қатарында айту, жадында жаттатқызу – халқымыздың аяулы перзенттерінің бірі – ұлы Абайға бұйырғаны әрі заңдылық, әрі қажеттілік болатын.

Қорытындылай келе, бұл жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша біздің көкейге түйгеніміз: алдымызға бір мақсат қоя отырып, сол мақсатқа жету жолында шәкірттердің жүрегіне жол тауып, әрекеттендіре білу шеберлігіне жетсек, егемен елдің ұл-қыздары білімді де білікті болып шықпақ. Соның арқасында біз бәсекеге қабілетті, іргесі мықты ел боламыз. Ұстаздықтың ұлы жолында өзіміздің бар күш жігерімізді салып, елімізге пайдамызды тигізіп жатсақ, бұл ғаламда одан артық бақыт жоқ деп ойлаймыз.

### Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. – Астана, 2017.
2. Қазақ тілі оқыту әдістемесі, 7-сынып. Алматы «Атамұра» 2017
3. Қазақ әдебиеті әдістемесі, 7-сынып. Алматы «Атамұра» 2017
4. Абайдың қарасөздері. Отыз екінші қарасөзі.

## РАЗВИТИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ УЧАЩИХСЯ ПРИ РЕШЕНИИ ТЕКСТОВЫХ ЗАДАЧ ПО МАТЕМАТИКЕ В ПЕРИОД ПЕРЕХОДА НА ОБНОВЛЕННОЕ СОДЕРЖАНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ

Байкунов Валерий Шаймуханович  
учитель математики  
ГУ «Затобольская средняя школа №1»

### Аннотация

Осы мақалада оқушылардың функционалды сауатылығын қалыптастыру қажеттілігі қарастырылған. Жаңартылған білім беру жүйесіне көшу барысында осы мәселенің маңыздылығы өседі. Ұсынылып отырған «Решение математических задач» әдістемелік кешені (ISBN 978-601-303-882-7, УДК 373(072), ББК (74.262.21) аудан мұғалімдердің көбі қолданып жүр.

### Аннотация

В данной работе рассмотрена необходимость формирования функциональной грамотности учащихся. Рассмотренный вопрос является важным, особенно при переходе на обновленное содержание образования. Презентовано изданное методическое пособие